

**"ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ" ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢЫН
КҮШІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ" ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ
КЕҢЕСІНІҢ 1993 ЖЫЛҒЫ 22 ҚАҢТАРДАҒЫ N 915-ХІІ ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУ ТУРАЛЫ**

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1993 жылғы 17 желтоқсан N 1270. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2000.12.28. N 1920 қаулысымен.~P001920

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы N 1915-ХІІ қаулысын жүзеге асыру жөніндегі қоса беріліп отырған шаралар б е к і т і л с і н .

2. 1993 жылғы 15 желтоқсанныан бастап Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанынан Еңбекті қорғау департаменті (бұдан былай - Департамент), жергілікті жерлерде оның тиісті құрылымдары - облыстарда және Алматы мен Ленинск қалаларында еңбекті қорғау басқармалары (бұдан былай - еңбекті қорғаудың аймақтық басқармалары) құрылсын, олар Департаментке бағынатын б о л с ы н .

Департаменттің орталық аппаратының құрамына Еңбек жағдайларын мемлекеттік сараптау, Еңбекті қорғаудың мемлекеттік инспекциясы, ақпарат және нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, жазатайым жағдайлар мен кәсіби аурулардың алдын алу бөлімшелері кіретін болып белгіленсін.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің "ССРО Министрлер Советінің "Еңбек жағдайын мемлекеттік сараптау туралы" 1990 жылғы 13 тамыздағы N 812 қаулысын жүзеге асыру туралы" 1990 жылғы 3 желтоқсандағы N 475 қаулысына (Қазақ КСР ҚЖ, 1991 ж., N 4, 24 бап) сәйкес құрылған және жергілікті бюджеттен қаржы бөлу есебінен жұмыс істеп тұрған еңбек жағдайларын мемлекеттік сараптау бөлімшелерінің еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларының құрамына (лабораторияларымен) енгізілуі тиімді деп есептелсін. Бұл мәселені облыстардың және Алматы мен Ленинск қалаларының әкімдерімен бірлесе отырып шешу Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне та п с ы р ы л с ы н .

Департамент пен оның еңбекті қорғаудың аймақтық басқармалары дербес заңды ұйымдар болып табылады, банкте есеп шоттары, Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өздерінің аттары жазылған мөрлері болады.

3. "Еңбекті қорғау туралы" Заңға сәйкес Департамент еңбекті қорғауды кешенді басқаруды жүзеге асырады, министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті атқарушы өкімет органдарының, кәсіпорындар мен бірлестіктердің осы саладағы жұмыстарын үйлестіреді, еңбекті қорғау жөнінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастырады, еңбек жағдайларын мемлекеттік сараптау мен еңбек қорғауды мемлекеттік қадағалауды баянды етеді, еңбек қорғау шығындарын қаржыландырудың тәртібін айқындайды деп белгіленсін. Департаменттің шешімі олардың ведомстволық бағыныштылығы мен меншік нысандарына қарамастан барлық министрліктер, комитеттер, ведомстволар, жергілікті әкімдер, мемлекеттік концерндер, холдингтер, корпорациялар, ассоциациялар мен кәсіпорындар орындауға міндетті болып табылады.

4. Департаментті лауазымы жағынан Қазақстан Республикасы Еңбек министрінің орынбасары болып табылатын Төраға басқарады, оны Қазақстан Республикасы Еңбек министрінің ұсынуы бойынша республиканың Министрлер Кабинеті тағайындайды.

Департаментке Департамент Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының еңбек министрі тағайындайтын бір орынбасарға ие болуға рұқсат етілсін.

Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларының бастықтары мен олардың орынбасарларын жергілікті әкімдермен және Қазақстан Республикасының Еңбек министрімен келісе отырып, Департаменттің Төрағасы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

5. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Еңбекті қорғау департаменті туралы және Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Еңбекті қорғау департаментінің Еңбекті қорғаудың мемлекеттік инспекциясы туралы қоса тіркеліп отырған Ережелер бекітілсін.

Қазақстан Республикасының еңбек министрлігі еңбекті қорғаудың аймақтық басқармалары туралы ережені әзірлеп, бекітетін болсын.

6. Департаменттің орталық аппаратын, еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларын қаржыландыру (еңбек жағдайларын мемлекеттік сараптаудың жергілікті бөлімшелерінен басқасы) республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі орталық аппаратының жалпы штат саны Департамент құру үшін 10 адамға көбейтілсін. Департамент аппаратының саны 31 адам болып белгіленсін, соның ішінде оған Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің қазіргі жұмыс істейтін Еңбек жағдайларын мемлекеттік сараптаудан 21 адам қосылсын. Жаңадан құрылатын еңбекті қорғау

мемлекеттік инспекциялары аймақтық басқармаларының қызметкерлер саны қызмет көрсететін қызметкерлерді қоспағанда 353 адам болып белгіленсін.

Департаменттің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы және Қазақстан Республикасының министрліктері мен мемлекеттік комитеттері жанындағы бас басқармалар, комитеттер мен басқа да республикалық мекемелер аппараты басшыларының, басшы қызметкерлерінің және мамандарының лауазымдық жалақылары, ал еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларының қызметкерлеріне тиісті әкімдер басқармалары, комитеттері мен дербес бөлімдер басшы қызметкерлерінің, мамандарының еңбекке ақы төлеу ш а р т т а р ы т а р а т ы л с ы н .

Еңбекті қорғауды қадағалау мен бақылауды үздіксіз жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін еңбектің техникалық инспекторлары, еңбектің құқықтық инспекторлары мен кәсіподақтардың сенім білдірілген дәрігерлер қызметінің кадрлар құрамының негізінде Еңбекті қорғаудың мемлекеттік инспекциясын қалыптастыру туралы Қазақстан Республикасы Кәсіподақтары федерациясы кеңесінің ұсынысы қабыл алынсын.

8. Департамент пен еңбекті қорғау аймақтық басқармаларының құрылымы мен штат кестесін Департамент Төрағасы бекітеді (еңбек жағдайларын мемлекеттік сараптау органдарының жергілікті бөлімшелері жөнінде жергілікті әкімдермен келісе отырып).

9. Департаментке кәсіпорындар мен ұйымдардың ерікті қаржы бөлу есебінен еңбекті қорғау қорын құруға рұқсат етілсін.

10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен бірлесе отырып, бір ай мерзімде құрылып жатқан еңбекті қорғау органдарын қызмет үйімен қамтамасыз ету мәселесін шешетін болсын.

11. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Департаменттің орталық аппаратын және еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларын телефон және телефакс байланысының қажетті құралдарымен қамтамасыз ететін болсын.

12. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің ұсынуы бойынша жаңа (қайта құрылатын) кәсіпорындардың, технологиялардың жобаларын, сондай-ақ қазір жұмыс істеп тұрған өндірістердің еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды сақтауын бағалау үшін сарапшылар ретінде қатыстырылатын мамандардың ғылыми зерттеуін ұйымдастыру мен еңбегіне ақы төлеуге ғылымға бөлінетін қаржының шегінде жыл сайын қаражат бөлуді қ а р а с т ы р с ы н .

13. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және

кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтары федерациясы кеңесінің және басқа мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен 1993 жылдың аяғына дейін:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Еңбекті қорғау туралы" Заңмен сәйкестендіру;

осы Заңға қайшы келетін актілерді қайта қарау және алып тастау;

осы Заңнан туындайтын нормативтік актілерді әзірлеу және бекіту жөнінде ұсыныстар дайындасын.

14. Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары өздерінің нормативтік актілерін "Еңбекті қорғау туралы" Заңмен сәйкестендіретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 желтоқсандағы
N 1270 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі
жанындағы еңбекті қорғау департаменті туралы
Ереже

I бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының еңбек министрлігі жанындағы Еңбекті қорғау департаменті Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органы болып табылады, ол министрліктермен, ведомстволармен, бірлестіктермен, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының атқарушы өкімет органдарымен өзара байланысты әрекет жасай отырып, еңбекті қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты талдап жасау және жүзеге асыру жөнінде жауап б е р е д і .

Бұдан былай - Департамент.

2. Департамент оның жүйесіне кіретін еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларының қызметіне басшылық етеді және өзінің құзырына енетін мәселелер жөнінде министрліктер мен ведомстволардың, қадағалау және бақылау органдарының жұмыстарын үйлестіреді.

3. Департамент өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Еңбекті қорғау туралы" Заңды, республиканың басқа да заңдарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен шешімдерін, Үкіметтің шешімдерін, Қазақстан Республикасының басқа да құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін, қолданылып жүрген мемлекетаралық нормативтік құжаттарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа а л а д ы .

II бөлім. ДЕПАРТАМЕНТТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

4. Департаменттің негізгі міндеттері мыналар болып саналады: "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру; еңбекті қорғаудың нормативтік және заң шығару базаларын, еңбек жағдайларын қалыптастыруға байланысты ережелерді, нормаларды, стандарттарды және басқа да құжаттарды қалыптастыру және жетілдіре түсу; өндірістегі жазатайым жағдайлар мен кәсіби ауруларға тергеу жүргізу; еңбектің қауіпсіздігі мен зиянсыздығын уағыздап дәлелдеу; еңбекті қорғау қызметкерлерін кәсіби даярлау және біліктілігін арттыру; өндірістегі қауіпті жағдайларды анықтап, оларды болдырмаудың жолдарын і з д е с т і р у ;

Халықаралық еңбек ұйымы шеңберінде құрылған қауіпті және зиянды өндірістік факторлар туралы жедел хабарлаудың халықаралық жүйесімен б а й л а н ы с о р н а т у ;

еңбекті қорғау жөніндегі ақпарат жүйесін құру; еңбекті қорғау заңдары мен ережелердің бұзылу жағдайларында тиісті ш а р а л а р қ о л д а н у ;

кәсіпорындарды жобалауды, салуды және іске қосуды, оларды қайта жабдықтау және қызметін өзгерту қажеттігін, сондай-ақ жұмыс барысында пайдаланылатын жабдықтардың, технологиялардың қауіпсіздігін реттейтін ж а ғ д а й л а р д ы б е л г і л е у ;

жұмыс барысында байланыста болуға тыйым салуды, шектеуді қажет ететін немесе оларды пайдалану үшін тиісті органның рұқсаты немесе бақылауы тиіс болатын өндірістік процестерді, заттарды және агенттерді анықтау;

еңбек жағдайларын сараптау және жұмыс орындарын аттестациялау; еңбекшілердің денсаулығы үшін қауіптік тұрғысынан химиялық, физикалық және биологиялық агенттерді зерттеу жүйесін қолдану және ұлғайту;

білім мен кәсіби даярлықтың барлық деңгейде еңбекті қорғаудың бағдарламаларын әзірлеуге қатысу;

өндірістік ортадағы еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы мәселелері жөнінде

Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастық саласындағы қызметін үйлестіру.

III бөлім. ДЕПАРТАМЕНТТИҢ МІНДЕТТЕРІ

5. Департамент пен оның еңбекті қорғаудың аймақтық басқармалары бұларға жүктелген міндеттерге сәйкес:

еңбекті қорғауды мемлекеттік деңгейде кешенді басқаруды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, басқа да министрліктермен бірлесе отырып, еңбекті қорғау жөнінде мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды талдап жасауды ұйымдастырады және олардың орындалуын бақылайды;

министрліктердің, мемлекеттік басқарудың басқа да органдарының, жергілікті атқарушы өкімет органдарының, кәсіпорындардың, бірлестіктердің қауіпсіз және зиянсыз еңбек жағдайларын қалыптастыру мен қамтамасыз ету саласындағы қызметін үйлестіреді;

еңбекті қорғау жөнінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастырады және үйлестіреді;

еңбекті қорғау жөніндегі салааралық нормативтік актілерді, ережелерді, стандарттарды және заң актілерінің жобаларын талдап жасауды, бекітуді, қайта қарауды, бұзуды ұйымдастырады;

өндірістегі жазатайым жағдайларды және кәсіби ауруларды есепке алудың және тексерудің бірыңғай тәртібін белгілейді;

еңбекті қорғау жөнінде бірыңғай мемлекеттік ақпарат жүйесін талдап жасайды және оның қызмет істеуін қамтамасыз етеді;

республикадағы еңбекті қорғау ахуалы, өндірісте жарақат алу мен кәсіби аурулардың себептері туралы жыл сайын халыққа баяндама және ақпарат даярлайды;

Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомымен және басқа тиісті органдармен бірлесіп министрліктер мен ведомстволардың, бірлестіктердің, меншіктің әр түрлі нысандарындағы кәсіпорындардың, соның ішінде жекелеген жұмыс берушілердің "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын және еңбекті қорғау жөніндегі басқа да нормативтік актілерді орындауын қадағалауды және бақылауды қамтамасыз етеді;

"Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу практикасын қорытындылайды және талдайды, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар даярлайды және енгізеді;

жұмыс істейтін адамдардың жеке басын қорғайтын құралдарды, еңбек жағдайларын бақылайтын аспаптар мен аппараттарды жасайтын кәсіпорындарды құру және дамыту жөнінде ұсыныстар даярлайды;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқармамен бірлесе отырып, өнеркәсіп кәсіпорындары өнімдерінің еңбекті қорғау талаптарына сәйкестілігі жөнінде сертификаттау жұмысын ұйымдастырады;

еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау жөніндегі құжаттамаларды сараптан өткізеді. Еңбек жағдайлары қолайсыз жұмыстармен шұғылданатын қызметкерлерге тағайындалған жеңілдіктер мен өтемақылардың берілуіне мемлекеттік бақылау жасайды;

өндірістік ортаның параметрлерін өлшеу жөніндегі лабораторияның қызметін лицензиялайды;

арнаулы киіммен, арнаулы аяқкиіммен және қызметкердің жеке басын қорғаудың басқа да құралдарымен қамтамасыз етудің нормаларын бекітеді;

еңбекті қорғау және өндірістік ортаның гигиенасы жөнінде шет елдермен ғылыми-техникалық және экономикалық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

азаматтардың ұсыныстарын, арыздары мен шағымдарын қолданылып жүрген заңда белгіленген мерзімдерде қарайды және қажетті шаралар қабылдайды; еңбекті қорғауды насихаттауды ұйымдастырады.

IV бөлім. ДЕПАРТАМЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

6. Департаментке және оның еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларына өздерінің алдына қойылған міндеттерді шешу және оларға жүктелген міндеттемелерді орындау үшін мынадай құқық беріледі:

қызметкерлердің еңбегін қорғау мәселелері жөнінде министрліктердің, ведомстволардың, сондай-ақ меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындардың, бірлестіктердің, мекемелер мен ұйымдардың жұмыстарын тексеруге, тексерген кезде анықталған кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықты жою жөнінде орындауға міндетті нұсқаулар беруге, қажет болған жағдайда тәртіп бұзушылыққа жол берген кінәлі басшыларды және басқа лауазымды адамдарды тәртіп жөніндегі жауапкершілікке тарту туралы жоғарғы органдарға ұсыныстар түсіруге, оларға заңда белгіленген және басқа да шаралар қолдануға;

министрліктер мен ведомстволардан, қадағалаушы және бақылаушы органдардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан белгіленген мерзімде еңбекті қорғау және оның жағдайлары, қауіпсіздік техникасы туралы, қорытындылау және талдау үшін өндірістегі зақымдалу мен кәсіби аурулар туралы қажетті ақпарат алып отыруға;

министрліктер, ведомстволар шығарған еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік актілер заңға қайшы келетін болса, олардың күшін тоқтатуға, қажетті жағдайларда оларды бұзу туралы республика Үкіметіне ұсыныстар енгізуге; еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік-құқықтық, нормативтік-әдістемелік

және нормативтік-техникалық құжаттардың жобаларын, қызметкерлердің еңбек жағдайын қалыптастыруға, оларды адам денсаулығы үшін қауіпті де зиянды өндірістік факторлардан қорғауға байланысты, еңбекті қорғау мен қауіпсіздікке, стандарттарға, оқу-тақырыптық жоспарларға қатысы бар еңбек қорғау қызметі, құрылыс жүргізу нормалары мен тәртіптері туралы ережелерді қарауға, келісуге ж ә н е б е к і т у г е ;

еңбекті қорғаудың жекелеген мәселелерін қарау және талдап жасау үшін, сондай-ақ консультациялар өткізу мен сараптау үшін министрліктердің, ведомстволардың, ғылыми-зерттеу ұйымдарының, кәсіпорындардың м а м а н д а р ы н қ а т ы с т ы р у ғ а ;

еңбек жағдайларын талдау мен бағалау жұмыстарын жүзеге асыру құқына ие болу үшін кәсіпорындарды, ұйымдарды және жеке адамдарды аттестациядан өткізуге және оларға сертификаттар мен лицензиялар беруге;

объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссиялардың ж ұ м ы с ы н а қ а т ы с у ғ а ;

еңбекті қорғау жөніндегі мамандардың жоғары және орта арнаулы оқу орындарын бітірер кезде мемлекеттік емтихан қабылдайтын комиссиялардың ж ұ м ы с ы н а қ а т ы с у ғ а .

V бөлім. ДЕПАРТАМЕНТТІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

7. Департаментті Төраға басқарады, ол лауазымы жағынан Қазақстан Республикасы Еңбек министрінің орынбасары болып саналады, оны Қазақстан Республикасы еңбек министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды. Төрағаның Департамент Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек министрі тағайындайтын б і р о р ы н б а с а р ы б о л а д ы .

8. Департаменттің Төрағасы:

Департаменттің қызметіне басшылық етеді;

Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына тікелей жауап береді, төраға орынбасарларының, құрылымдық бөлімшелердің арасындағы міндеттерді бөледі және оларға жүктелген міндеттерді орындаудың жауапкершілік деңгейін б е л г і л е й д і ;

Департаменттің орталық аппаратының, еңбекті қорғау аймақтық басқармаларының (еңбекті қорғауды мемлекеттік сараптаудың жергілікті бөлімшелері жөнінде - жергілікті әкімдердің келісімімен) белгіленген қызметкерлер саны мен еңбекке ақы төлеу қоры шегінде құрылымын, санын және штат кестесін, сондай-ақ Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы е р е ж е л е р д і б е к і т е д і ;

Департаменттің орталық аппаратының қызметкерлерін (төрағаның

орынбасарларынан басқасын) және еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларының басшы қызметкерлерін жергілікті әкімдермен және Қазақстан Республикасының еңбек министрімен келісе отырып қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

өзінің құзыреті шегінде ведомстволық бағыныстағы еңбекті қорғаудың аймақтық басқармалары орындауға міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді және олардың орындалуын тексереді.

9. Департаментте (9 адамнан) алқа құрылады, оның құрамында Департаменттің Төрағасы (алқа төрағасы), лауазымдары бойынша төрағаның орынбасарлары, Департаменттің, министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, ғылыми-зерттеу институттарының басшы қызметкерлері болады.

Департамент алқасының мүшелерін, оған лауазымдары бойынша кіретін адамдардан басқасын, Қазақстан Республикасының Еңбек министрі бекітеді.

Алқа кеңесші орган болып саналады, оның шешімдері хаттамамен, қажет болған жағдайда Департаменттің бұйрықтарымен ресімделеді.

10. Еңбекті қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу қызметтерін үйлестіру үшін Департаментте ғылыми-техникалық кеңес құрылады.

11. Департамент еңбекті қорғау жүйесіндегі қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

12. Департаменттің құрамында Еңбек жағдайларын мемлекеттік сараптау, Еңбекті қорғаудың мемлекеттік инспекциясы, ақпарат және нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, жазатайым жағдайлар мен кәсіби аурулардың алдын алу бөлімшелері құрылады.

13. Департамент және оның еңбекті қорғаудың аймақтық басқармалары өздерінің жұмысында өкіметтің өкілетті және атқарушы органдарымен, Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы, санитарлық қадағалау органдарымен, басқа да қадағалау органдарымен өзара байланыста әрекет жасайды.

14. Департамент және оның еңбекті қорғаудың аймақтық басқармалары дербес заңды ұйым болып табылады, банкте есеп шоты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және қазақ, орыс тілдерінде өзінің аты жазылған мөрі болады.

VI бөлім. ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫҢ АЙМАҚТЫҚ БАСҚАРМАЛАРЫ

15. Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармалары еңбекті қорғаудың аумақтық басқару органдары болып табылады және өздерінің қызметінде Департаментке бағынады.

16. Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларын жергілікті әкімдермен және Қазақстан Республикасының Еңбек министрімен келісе отырып Департаменттің Төрағасы тағайындайтын бастық басқарады.

Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларының Еңбек жағдайларын мемлекеттік сараптау басшылары - Басқарма бастығының орынбасарлары - облыстардың (Алматы және Ленинск қалаларының) еңбек жағдайлары жөніндегі Мемлекеттік бас сарапшылары болып саналады.

Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларының Еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекциясының басшылары басқарма бастығының орынбасарлары - облыстардың (Алматы және Ленинск қалаларының) Еңбекті қорғаудың мемлекеттік инспекторлары болып саналады.

17. Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармалары өздерінің қызметінде Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі бекіткен үлгі ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 желтоқсандағы
N 1270 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі
жанындағы Еңбекті қорғау департаментінің Мемлекеттік
еңбекті қорғау инспекциясы туралы

Е р е ж е

1. Мемлекеттік еңбек қорғау инспекциясы (бұдан былай - Мемлекеттік инспекция) Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің жанындағы Еңбекті қорғау департаментінің (бұдан былай - Департамент) құрылымдық бөлімшесі, ал жергілікті жерлерде - еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларының құрылымдық бөлімшелері болып табылады және Қазақстан Республикасы " Еңбекті қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес еңбекті қорғау жөніндегі заңдардың және басқа нормативтік актілердің сақталуына мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік инспекция өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, нормативтік актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Мемлекеттік инспекцияның негізгі міндеттері мыналар болып саналады:
"Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру;
еңбекті қорғау саласындағы саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
өндірістегі қауіпті жағдайларды анықтау және оларды жоюдың жолдарын
і з д е с т і р у ;

еңбекті қорғау заңдары мен ережелердің бұзылуы жағдайында санкциялар
қ о л д а н у ;

кәсіпорынның алдына қойылған міндеттер мен еңбектің нақты жағдайларына
сәйкес серіктестер (әкімшіліктер, өндіріс бастықтары, еңбекті қорғау жөніндегі
мамандар, жұмысшы өкілдері) арасында ынтымақтастықты дамыту;

еңбекті қорғауды бақылауды кәсіподақ ұйымдарының өкілдерімен өзара
і с - қ и м ы л д а жү з е г е а с ы р у ;

еңбектің қауіпсіздігін және зиянсыздығын дәлелдеу;
еңбекті қорғаудың нормативтік және заң шығарушылық негізін жетілдіру.

4. Мемлекеттік инспекция өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:
министрліктер мен ведомстволардың, бірлестіктердің, меншіктің барлық
нысандарындағы кәсіпорындардың, соның ішінде жекелеген жұмыс
берушілердің "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және
еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік актілерді орындауын қадағалайды және
б а қ ы л а й д ы ;

еңбекті қорғау мен оның қауіпсіздігі саласында құжаттарды әзірлеуді
ү й л е с т і р е д і ;

жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларының еңбекті қорғау талаптарына
сәйкестілігіне бақылау жасайды;

өндірістегі жазатайым жағдайлар мен кәсіби аурулардың себептерін
тексерудің және есепке алудың, оларды талдаудың бірыңғай тәртібін қамтамасыз
е т е д і ;

министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, еңбекті қорғау
жөнінде мемлекеттік, салалық және аймақтық бағдарламаларды талдап жасауды
ұйымдастырады және олардың орындалуын бақылайды;

республикада және аймақтарда еңбекті қорғаудың жағдайлары, өндірісте
зақымдану мен кәсіби аурулардың себептері туралы жыл сайын баяндама
даярлауды, осы мәселе жөнінде халықты хабардар етуді ұйымдастырады;

өндірістің барлық түрлеріндегі жабдықтарға, өнімдерге қауіпсіздік
сертификаттарының бар-жоғын бақылайды;

арнаулы киіммен, арнаулы аяқкиіммен және адамның жеке басын қорғаудың
басқа да құралдарымен қамтамасыз етілу нормаларының орындалуын бақылайды
;

республиканың, таяу және алыс шетелдердің кәсіпорындары мен

ұйымдарында еңбекті қорғау жұмыстарын ұйымдастырудың тәжірибелерін зерттейді және қорытындылайды, өзінің өкілдігі шегінде осы салада халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

кәсіпорындар мен ұйымдардағы еңбекті қорғау қызметтерінің жұмыстарына әдістемелік басшылық жасайды және оларды үйлестіріп отырады;

машина жасау өндірісі өнімдерінің тәжірибелік үлгілерін қабылдау сынақтарынан өткізу жөнінде комиссияның жұмысына қатысады және тиісінше қорытынды пікір айтады;

еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың біліктілігін арттыру жөнінде жұмыс жүргізеді.

5. Өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін Мемлекеттік инспекция мынадай құқықтарға ие:

алдын ала хабарламастан және кез келген уақытта, меншігі мен қожалық ету нысанына қарамастан, барлық кәсіпорындарда болуға (Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдарынан, басқа министрліктер мен ведомстволардың режимдегі және айрықша режимдегі кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар объектілерінен басқасы), министрліктерден, мемлекеттік басқарудың басқа да орталық және жергілікті органдарынан, кәсіпорындардан, жұмыс берушілерден қажетті ақпараттар алуға;

кәсіпорындардың басшыларына және басқа лауазымды адамдарға орындауға міндетті жарлықтар беруге;

кәсіпорындардың, жекелеген өндірістердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындары мен жабдықтардың пайдаланылуын тоқтатуға (тыйым салуға);

еңбекті қорғау жөніндегі заңдарды және басқа нормативтік актілерді бұзғаны үшін кәсіпорындардың басшыларына, лауазымды адамдарына, жұмысшыларына заңда белгіленген тәртіппен айып салуға, аталған адамдарды атқаратын қызметтерінен босату туралы ұсыныстар енгізуге, қажет болған жағдайларда ондай адамдарды заңға сәйкес жауапкершілікке тарту мәселесін шешу үшін материалдарды прокуратура органдарына беруге;

Еңбек жағдайларын мемлекеттік сараптаудың қорытындылары бойынша жобалау - конструкторлық ұйымдардан, бұйым өндіруші заводтардан және кәсіпорын басшыларынан еңбек қауіпсіздігінің талаптарына сай келмейтін технологиялық процестерге, станоктардың, машиналардың және басқа жабдықтардың құрылымдарына өзгерістер енгізуді талап етуге және оларды шығаруды тоқтату туралы мәселе қоюға;

өндіріске және әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді салудың, қайта жаңарту мен техникалық жағынан қайта жарақтандырудың барысында еңбекті қорғау талаптарының сақталуына алдын ала қадағалау жасап отыруға;

өндірістегі жазатайым жағдайларды тексеруге қатысуға;
нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сай келмейтін арнаулы киімдерді, арнаулы аяқкиімдерді және адамның жеке басын қорғайтын басқа құралдары қызметкерлерге беруге тыйым салуға, оларды өндіруге және өткізуге тыйым салу туралы мәселені тиісті органдардың алдына қоюға;
кәсіпорындар мен мекемелер әкімшіліктерінің ұжымдық шарттарда көзделген еңбекті қорғау жөніндегі шараларды орындауын және еңбекті қорғауға арналған қаржылардың жұмсалуды бақылап отыруға;
өзінің құзыры шегінде бұларды барлық министрліктер мен ведомстволар, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдар, басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер орындауға міндетті еңбекті қорғау жөнінде әдістемелік нұсқаулар және басқа нормативтік құжаттар шығаруға;
еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі бюллетеньдерді, анықтамалықтарды, әдістемелік материалдарды белгіленген тәртіппен шығаруға.

6. Мемлекеттік инспекцияны Департамент Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Мемлекеттік еңбекті қорғаудың бас инспекторы басқарады.

Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларының Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекцияларын Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекторлары - Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармалары бастығының орынбасары басқарады, оларды жергілікті әкімдермен және Қазақстан Республикасының еңбек министрімен келісе отырып, Департаменттің Төрағасы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Еңбекті қорғауды мемлекеттік қадағалауды және бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға мемлекеттік еңбекті қорғаудың инспекторы, Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің, еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларының бастықтары және Мемлекеттік инспекцияның инспекторлары жатады.

7. Мемлекеттік инспекция өзінің жұмысында Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетпен, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауымен осы органдардың келісімі бойынша Департамент бекіткен Ереже негізінде өзара іс-қимыл жасайды.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 желтоқсандағы
N 1270 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының "Еңбекті қорғау туралы"
Заңын күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Кеңесінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы N 1915-ХІІ қаулысын жүзеге
асыру жөніндегі шаралар
(К е с т е)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК